

Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 21 қаңтар N 1100. Заңның V бөлімінің 47-бабындағы екінші сөйлемнің зейнетақы есептеу үшін азық-түлік паегінің құнын қосуға қатысты сөздердің күші 1 сәуір 1997 жылға дейін тоқтатылған - ҚР Президентінің 1994.04.12. N 1652 жарлығымен. Күші тоқтатылған бап 1994 жылғы 14 шілдедегі Заңмен қайтадан күшіне енді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.20. N 137-1 Заңымен. ~Z970137

"Қазақ КСР-індегі азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ КСР Заңында баяндалған зейнетақымен қамсыздандыру жалпы принциптеріне сәйкес және әскери қызмет пен ішкі істер органдарындағы қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, осы Заң Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Біріккен Қарулы Күштерінің, шекара, ішкі темір жол әскерлерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Республикалық ұланның, әскери әділеттің мемлекеттік органдардың шешімдеріне сәйкес құрылған басқа да әскери және арнаулы жасақтардың офицерлерін, прапорщиктерін, мичмандары мен мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерін, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамның адамдарын, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін Қазақстан Республикасының аумағында зейнетақымен қамсыздандыру шарттарын, нормалары мен тәртібін айқындайды. Зейнетақымен қамсыздандырудың осы Заңда көзделген шарттары, нормалары мен тәртібі бұрынғы КСР Одағы Қарулы Күштерінің, Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің әскерлері мен органдарының, темір жол әскерлері мен басқа да әскери жасақтардың әскери қызметшілерінің, ішкі істер органдарының басқы және қатардағы құрамы адамдарының аталған категориялары мен олардың отбасыларына да қолданылады.

Нақты әскери қызметте немесе ішкі істер органдарының кадрларында қалдырылып, мемлекеттік өкімет пен басқару органдарында, азаматтық министрліктерде, ведомстволарда, мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істейтін офицерлер мен басшы құрамдағы адамдардың және олардың отбасыларының да осы Заңда көзделген негіздерде зейнетақымен қамсыздандырылуға құқы бар.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін

Қазақстан Республикасының аумағында зейнетақымен қамсыздандыру "Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ КСР-інің Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

I Бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру түрлері

Әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының осы Заңда көзделген әскери қызметте және ішкі істер органдарында қызмет еткен жылдары болған жағдайда қызмет еткен жылдары үшін зейнетақы алуға, ал осы Заңда көзделген жағдайда мүгедек болған адамдардың мүгедектігіне байланысты зейнетақы алуға құқы бар.

Әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары қаза тапса немесе қайтыс болса олардың отбасы мүшелері осы Заңда көзделген шарттар болған жағдайда асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға құқылы.

2-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру шарттары

Зейнетақымен қамсыздандырылу құқығы бар әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына зейнетақы осы Заңға сәйкес қызметтен босатылғаннан кейін тағайындалады және төленеді.

Әскери қызметшілерге, басшы және қатардағы құрам адамдарына мүгедектігіне байланысты зейнетақы, ал олардың отбасыларына асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы қызмет мерзімін ұзақтығына қарамастан тағайындалады.

Заңсыз құрылған әскери жасақтарда қызметтен өткен адамдар мен олардың отбасыларының осы Заңға сәйкес зейнетақымен қамсыздандырылуға құқы жоқ.

3-бап. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілермен және олардың отбасыларымен тең дәрежеде зейнетақы алуға құқы бар адамдар

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен олардың отбасылары үшін зейнетақымен қамсыздандырудың осы Заңда көзделген нормалары тиісінше мыналарға да қатысты (егер басқа жәйт ескертілмесе):

- 1) партизандар мен олардың отбасыларына (4-бапта аталғандардан басқа);
- 2) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті айқындаған Ұлы Отан

соғысы кезеңінде соғыс қимылдары жүргізілген аудандарда (темір жолдардың майдан өңіріндегі учаскелерде, қорғаныс шептерінің, әскери-теңіз базаларының, әуежайлардың құрылысында, т.б.) жұмыс істеген тиісті категориялардағы жұмысшылар мен қызметшілерге және олардың отбасыларына;

3) жаттығу, арнаулы және тексеру жиындарына шақырылған әскери міндеттілерге, олардың отбасыларына;

4) мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға жатпайтын әскерилендірілген күзет қызметкерлеріне, байланыс министрлігінің арнаулы қызметінің кіші басшы және қатардағы құрамының адамдарына, олардың отбасыларына.

4-бап. Мерзімнен тыс әскери қызметтегі офицерлермен, әскери қызметшілермен және олардың отбасыларымен бірдей негізде зейнетақы алуға құқы бар адамдар

Партизан отрядтары мен құрамаларында офицерлік құрамның лауазымдарына сай келетін командалық лауазымдар атқарған адамдармен олардың отбасылары да зейнетақымен осы заңда офицерлер мен олардың отбасылары үшін көзделген негіздерде қамсыздандырылады.

Әскери қызметтен шарт бойынша өткен әскери қызметшілер мен нақты әскери қызметке солдаттар, матростар, сержанттар, старшиналар лауазымында ерікті түрде қабылданған әйелдер мен олардың отбасы мүшелері де осы Заңда мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері үшін көзделген негіздерде зейнетақымен қамсыздандырылады.

5-бап. Басқа мемлекеттердің әскери қызметшілерін, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарын және олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы басқа мемлекеттердің қарулы күштерінің, ұлттық қауіпсіздік органдарының шекара, ішкі және темір жол әскерлерінің, мемлекеттік органдардың шешімдеріне сәйкес құрылған басқа да әскери және арнаулы жасақтарының Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын әскери қызметшілері, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары және сол әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасылары да Заңда көзделген негізде зейнетақымен қамсыздандырылуға құқылы.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрамына кірмейтін, Қазақстан Республикасы әлеуметтік қамсыздандыру туралы шарттар Келісімдер) жасасқан мемлекеттердің әскери қызметшілері ішкі істер органдарының басқы және

қатардағы құрамының адамдары, сондай-ақ аталған әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасы мүшелері зейнетақымен осы шарттарда (келісімдерде) көзделген тәртіппен қамсыздандырылады.

6-бап. Қайтыс болған зейнеткерлердің отбасыларына тағайындалатын зейнетақы

Әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының қатарынан қайтыс болған зейнеткерлер отбасының еңбекке жарамсыз мүшелері (оның ішінде 5-бапта көрсетілгендер) осы әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасыларымен бірдей негізде асыраушысынан айырылғанына байланысты зейнетақы алуға құқылы.

7-бап. Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарының және олардың отбасыларына "Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ КСР Заңында белгіленген негіздерде зейнетақы тағайындау

Мерзімінен тыс қызметтегі офицерлерге, прапорщиктерге, мичмандар мен әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына және олардың отбасыларына зейнетақы (олардың қалауы бойынша) "Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ КСР Заңында белгіленген шарттар негізінде және нормалар бойынша тағайындалуы мүмкін. Бұл орайда оларға зейнетақы есептеу кезінде осы әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының тиісті қызмет кезеңінде алған ақшалай ризығының барлық түрлері (Заңның 47-бабы) жалақымен тең дәрежеде ескеріледі. Қиыр Солтүстік аудандарда және Қиыр Солтүстік аудандарына теңестірілген жерлерде, сондай-ақ Семей ядролық сынақ полигонына шектес аудандарда, экологиялық апат аймақтарында қызметтен өткен аталған әскери қызметшілер, басшы және қатардағы құрам адамдары жөнінде осы аудандар мен жерлерде істеген адамдар үшін жасының ұлғаюына байланысты зейнетақы тағайындаудың заңда белгіленген жеңілдікті шарттары қолданылады.

Белгіленген тәртіпте әскери атақтарынан айырылған әскери қызметшілерге (соның ішінде олардың запаста немесе отставкада болған кезінде) және осы әскери қызметшілердің отбасыларына олардың зейнетақы алуға құқы болған жағдайда зейнетақыны "Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен

қамсыздандыру туралы" Қазақ КСР Заңында белгіленген негізде халықты әлеуметтік қорғау органдары тағайындайды.

8-бап. Зейнетақыны таңдау құқы

Бір мезгілде әр түрлі мемлекеттік зейнетақы алуға құқы бар мерзімнен тыс әскери қызметтегі офицерлерге, прапорщиктерге, мичмандар мен әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына олардың таңдауы бойынша бір зейнетақы тағайындалады.

9-бап. Экологиялық апат немесе авариялар мен басқа да жағдайлардың салдарынан болған радиациялық әсер аудандарында тұратын әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарын зейнетақымен қамсыздандыру

Экологиялық апаттан немесе азаматтық және әскери мақсаттағы ядролық объектілердегі авариялардың зардаптарын жою, атом қаруының жарылыстары және оны сынау кезінде не ядролық объектілердегі авариялық жағдайлар салдарынан болған радиациялық әсерден зардап шеккен әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарына және осы әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасыларына осы Заңда көзделген зейнетақымен қамсыздандыру шарттары мен нормаларына қосымша түрде экологиялық апат пен радиациялық әсер салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнетақы тағайындаудың жеңілдікті шарттары беріледі, зейнетақыға үстеме, жәрдемақы және өтемақы т ө л е н е д і .

10-бап. Жәрдемақы төлеу

Қызметтен босатылған әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына, мүгедек зейнеткерлерге, қайтыс болған зейнеткерлердің отбасы мүшелеріне және аталған әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының құрамынан шыққан тиісті категориялардағы зейнеткерлердің асыраушысынан айырылған отбасыларына Қазақстан Республикасының

Үкіметі айқындайтын тәртіппен және мөлшерде жәрдемақы төленеді.

11-бап. Зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге арналған қаражат

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына, олардың отбасыларына зейнетақы мен жәрдемақы төлеу Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті есебінен қамтамасыз етіледі.

12-бап.

Ескерту. 12-бап алынып тасталған - ҚР Президентінің 1995.10.05.
N 2488 жарлығымен.

U 9 5 2 4 8 8 _

13-бап. Зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыру

Офицерлерді, прапорщиктерді, мичмандар мен мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарын және олардың Қазақстан аумағында тұратын отбасы мүшелерін осы әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының қызметін өткерген соңғы орнына байланысты зейнетақымен қамсыздандыруды мыналар жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі - Қазақстан Республикасы армиясының, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы біріккен Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының ұланының әскери қызметшілері, сондай-ақ осы әскери қызметшілердің отбасы мүшелері жөнінде;

2) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі - ішкі әскерлердің әскери қызметшілері, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері ж ө н і н д е ;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті қауіпсіздік органдарының шекара әскерлерінің, мемлекеттік органдардың шешімдерімен құрылған басқа да әскери және арнаулы жасақтардың әскери қызметшілері

ж ө н і н д е .

Бұрынғы Одақ пен басқа да мемлекеттердің ішкі істер органдарының тиісті категориялардағы әскери қызметшілері, басшы және қатардағы құрамының адамдары, осы әскери қызметшілердің отбасылары да осы баптағы тәртіпте зейнетақымен қамсыздандырылады (кіріспе мен 5-бап).

14-бап. Осы Заңның қолданылуы

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.

Қарушы Күштер мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін және олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы басқа тәуелсіз мемлекеттермен жасасылған келісімдер (шарттар) мен басқа да құқылық актілерде осы Заңда баяндалған ережелерде айтылғаннан басқа ереже көзделген жағдайда тиісінше осы келісімдер (шарттар мен басқа да құқықтық актілерде белгіленген ережелер қолданылады.)

15-бап. Айрықша сіңірген еңбегі үшін зейнетақы

Кеңес Одағының Батыры немесе Социалистік Еңбек Ері атағы берілген, үш дәрежедегі Даңқ орденімен, үш дәрежедегі Еңбек даңқ орденімен немесе үш дәрежедегі "КСРО Қарушы Күштерінің Отанға қызмет еткені үшін" орденімен наградталған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының айрықша үздік белгілері берілген, ордендермен және медальдармен наградталған офицерлерге, прапорщиктерге, мичмандар мен мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі белгіленген тәртіппен айрықша сіңірген еңбегі үшін зейнетақы тағайындалуы мүмкін.

II Бөлім. Қызмет еткен жылдары үшін зейнетақы

16-бап. Зейнетақы тағайындау шарттары

Мыналар қызмет еткен жылдары үшін зейнетақы алуға құқылы:

- 1) қызметтен босатылған күнге дейін әскери қызметте немесе ішкі істер органдарындағы қызметте 20 және одан да көп жыл қызмет еткен офицерлер, прапорщиктер, мичмандар мен мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;
- 2) қызметтен жасының ұлғаюына, аурулығына, штаттардың қысқаруына немесе денсаулық жағдайы көтермеуіне байланысты босатылған және қызметтен

босатылған күні 45 жасқа толған, жалпы еңбек стажы 25 күнпарақ жыл және одан көп болған, осы жылдардың кемінде 12 жыл 6 айын әскери қызметте немесе ішкі істер органдарындағы қызметте өткерген офицерлер мен ішкі істер органдарының орта, аға және жоғары басшы құрамының адамдары.

17-бап. Зейнетақы мөлшері

Қызмет еткен жылдары үшін зейнетақы мынадай мөлшерде тағайындалады:

1) 20 және одан да көп жыл қызмет еткен офицерлерге, прапорщиктерге, мичмандар мен мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына (16-баптың 1-тармағы): 20 жыл қызмет еткені үшін - тиісті ақшалай ризық сомасының 50 проценті, ал қызметтен жасының ұлғаюына немесе аурулығына байланысты отставкаға шыққандарға - 55 проценті, 20 жылдан асқан әрбір жылғы қызметі үшін 3 процент және халық шаруашылығында жұмыс істеген әрбір жылы үшін 1 процент мөлшерінде (қызметке шақырылғанға дейінгі жұмыс істеген жылдары үшін) (47-бап), бірақ бәрін қосқанда осы санның 85 процентінен аспайтын мөлшерде;

2) жалпы еңбек стажы 25 күнпарақ жыл және одан көп болған, осы жылдардың кемінде 12 жыл 6 айын әскери қызметте немесе ішкі істер органдарындағы қызметте өткерген (16-баптың 2-тармағы) офицерлер мен ішкі істер органдарының орта, аға және жоғары басшы құрамындағы адамдарға: 25 жыл еңбек стажы үшін - тиісті ақшалай ризығы сомасының 50 проценті және 25 жылдан асқан стажының әрбір жылы үшін - 1 проценті мөлшерінде (47-бап).

18-бап. Зейнетақының ең аз мөлшері

Осы заңға сәйкес тағайындалатын қызмет еткен жылдары үшін зейнетақы жасының ұлғаюына байланысты зейнетақының заңмен белгіленген ең аз мөлшерінің 150 процентінен төмен бола алмайды.

19-бап. Зейнеткерлердің кейбір категорияларына зейнетақыны арттыру

Соғыс мүгедектері болып табылатын (24-баптың 1-тармағы), сондай-ақ жалпы аурудың не қызметтен өту кезінде алған аурудың салдарынан мүгедектер деп табылған соғысқа қатысушы офицерлерге, прапорщиктерге, мичмандар мен

мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына қызмет еткен жылдары үшін зейнетақы осы Заңның 26-бабында көзделген осы әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының қатарынан шыққан тиісті мүгедектік тобы бойынша соғыс мүгедектеріне белгіленген зейнетақының ең аз мөлшерінің с о м а с ы н а а р т т ы р ы л а д ы .

Майдандағы армия құрамында, партизан отрядтары мен құрамаларында қызмет атқарған, не басқа мемлекеттерде әскери борышын орындау кезінде соғыс қимылдарына қатысқан офицерлерге, прапорщиктерге, мичмандар мен мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына, егер олар соғыс мүгедектері болып табылмаса, қызмет еткен жылдары үшін зейнетақы жасының ұлғаюына байланысты зейнетақының ең аз мөлшерінің 50 процентіне арттырылады.

20-бап. Зейнетақыға үстеме

Офицерлерге, прапорщиктерге, мичмандар мен мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына қызмет еткен жылдары үшін тағайындалатын зейнетақыға, соның ішінде ең аз мөлшерде есептелген зейнетақыға, мынадай ү с т е м е е с е п т е л е д і :

1) I топтағы мүгедектер болып табылатын не 80 жасқа толған зейнеткерлерге, сондай-ақ денсаулық жағдайына байланысты емдеу мекемелерінің қорытындысына сәйкес біреудің ұдайы күтім жасауына ділгер басқа да зейнеткерлерге - зейнеткерлерді күткені үшін әлеуметтік зейнетақы мөлшерінде;

2) асыраушысынан айырылуына байланысты өзінің асырауында зейнетақымен қамсыздандырылатын адамдар тобына жататын еңбекке жарамсыз отбасы мүшелері бар жұмыс істемейтін зейнеткерлерге (32, 34, 36 және 37 баптар) - отбасының еңбекке жарамсыз әрбір мүшесі үшін еңбекке жарамсыздардың тиісті категориясына "Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ КСР Заңымен белгіленген әлеуметтік зейнетақы мөлшерінде. Бұл орайда үстеме тек еңбек немесе әлеуметтік зейнетақы алмайтын отбасы мүшелеріне ғана есептеледі. Бір мезгілде әлеуметтік зейнетақы мен отбасының еңбекке жарамсыз мүшесінің зейнетақысына қосымша қызмет еткен жылдары үшін зейнетақыға үстеме алу құқығы болған жағдайда зейнеткердің таңдауымен отбасының сол мүшесіне әлеуметтік зейнетақы тағайындалуы немесе үстеме есептелуі мүмкін.

Осы баптың I және 2-тармақтарымен көзделген үстемелер бір

мезгілде есептелуі мүмкін.

21-бап. Қызмет еткен жылдарды есептеу

Офицерлерге, прапорщиктерге, мичмандар мен мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына осы Заңға сәйкес зейнетақы тағайындау үшін қызмет еткен жылдарды есептеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

III Бөлім. Мүгедектігіне байланысты зейнетақы

22-бап. Зейнетақы тағайындау шарттары

Мүгедек болған әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына, егер мүгедектік олар қызмет атқару кезеңінде немесе қызметтен босатылғаннан кейін әрі дегенде 3 айда болған болса, не егер мүгедектік осы мерзімнен кешірек, бірақ қызмет атқару кезеңінде жаралану, мертiгу немесе ауру салдарынан болған болса, мүгедектігіне байланысты зейнетақы тағайындалады.

23-бап. Мүгедектікті анықтау

Мүгедектікті: оның тобын, себебін, қажет болған жағдайда мүгедектік басталған уақытын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Медициналық-әлеуметтік сарап комиссиялары (МӘСК) туралы ереже негізінде жұмыс істейтін осы комиссиялар анықтайды.

Еңбек қабілетінен айрылу дәрежесіне қарай мүгедектер үш топқа бөлінеді.

24-бап. Мүгедектік себептері

Мүгедектік себептеріне қарай әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары қатарынан шыққан мүгедектер мынадай категорияларға бөлінеді:

1) соғыс мүгедектері - бұрынғы КСРО Одағын және Қазақстан Республикасын қорғау кезінде немесе әскери қызметің басқа да міндеттерін (қызмет бабындағы міндеттерді) орындау кезінде жаралану, есеңгіреу немесе

мертігу, немесе майданда болумен не соғыс қимылдары жүргізілген шет елдерде әскери және қызмет борышын орындаумен байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болғандар. Осы баптың бірінші абзацында көрсетілген, тұтқында болуы кезінде жаралану, есеңгіреу, мертігу не ауруға шалдығу салдарынан мүгедек болған адамдар да соғыс мүгедектерінің қатарына жатады;

2) әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары қатарынан шыққан басқа мүгедектер - әскери қызмет міндеттерін (қызмет бабындағы міндеттерді) орындаумен байланысты емес жазатайым оқиға нәтижесінде болған мертігу, не майданда болуына немесе соғыс қимылдары жүргізілген шет елдерде әскери және қызмет борышын орындаумен байланысты емес ауруға шалдығу салдарынан мүгедек болғандар.

25 - бап. Зейнетақы мөлшері

Мүгедектігіне байланысты зейнетақы офицерлерге, прапорщиктерге, мичмандар мен мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына мынадай мөлшерде тағайындалады:

1) I және II топтағы соғыс мүгедектеріне - тиісті ақшалай ризық сомасының 85 проценті, III топтағы соғыс мүгедектеріне - 50 проценті (47-бап);

2) I және II топтағы басқа мүгедектерге тиісті ақшалай ризығының 75 проценті, III топтағы басқа мүгедектерге - 30 проценті (47 бап);

3) зейнетақы тағайындау үшін қажетті қызмет еткен жылдары барларға мүгедектігіне байланысты зейнетақы қызмет еткен жылдары үшін зейнетақыға көзделген нормалар бойынша тағайындалуы мүмкін.

26-бап. Зейнетақының ең аз мөлшері

Мүгедектігіне байланысты зейнетақының ең аз мөлшері былай белгіленеді:

1) мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарынан шыққан және II топтағы соғыс мүгедектеріне - жасының ұлғаюына байланысты зейнетақының ең аз мөлшерінің 200 проценті, III топтағы соғыс мүгедектеріне - 130 проценті мөлшерінде, ал мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарынан шыққан I және II топтағы басқа мүгедектерге - жасының ұлғаюына байланысты зейнетақының ең аз мөлшерінің 130 проценті, III топтағы басқа мүгедектерге - 100 проценті мөлшерінде.

2) офицерлер, прапорщиктер, мичмандар, мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарынан шыққан I және II топтағы соғыс мүгедектеріне - жасының

ұлғаюына байланысты зейнетақының ең аз мөлшерінің - 300 проценті, III топтағы осындай мүгедектерге - 150 проценті, ал аталған әскери қызметшілер мен ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарынан шыққан I және II топтағы басқа мүгедектерге - жасының ұлғаюына байланысты зейнетақының ең аз мөлшерінің 130 проценті, III топтағы осындай мүгедектерге - 100 проценті мөлшерінде.

27-бап. Мүгедектігіне байланысты зейнетақыға үстеме

I топтағы мүгедектер деп танылған немесе 80 жасқа толған не II топтағы мүгедектер деп танылған әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына, егер емдеу мекемелерінің қорытындысына сәйкес олар ұдайы күтімге, (көмекке, бақылауға) ділгер болса, сондай-ақ I және II топтағы жұмыс істемейтін мүгедектер болып табылатындарға оларға мүгедектігіне байланысты тағайындалатын зейнетақыға (оның ішінде ең аз мөлшерде есептелген зейнетақыға) осы заңның 20-бабында көзделген тәртіппен және мөлшерде тиісті үстеме есептеледі.

28-бап. Мүгедектігіне байланысты зейнетақы тағайындау және төлеу мерзімі

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына мүгедектігіне байланысты зейнетақы дәрігерлік-әлеуметтік сарап комиссиясы белгілеген мүгедектің барлық уақытында, ал 60 жастан асқан ер мүгедектер мен 55 жастан асқан әйел мүгедектерге - өмір бойына тағайындалады, бұл мүгедектер олардың өз арызы бойынша ғана қайта куәландырылады.

Осы бапта көрсетілген жасқа толмаған зейнеткер еңбекке жарамды деп табылған жағдайда зейнетақы оның еңбекке жарамды деп табылған айының аяғына дейін төленеді, бірақ мүгедектік анықталған күнге дейінгі мерзімнен ұзақ болмауы керек.

29-бап. Мүгедектік тобы өзгерген жағдайда зейнетақыны қайта есептеу

Зейнетақы тағайындалғаннан кейін мүгедектік тобының өзгеруіне байланысты осы Заңға сәйкес тағайындалған зейнетақының мөлшері тиісінше өзгереді.

Бұл орайда, егер соғыс мүгедегінің (24-баптың 1-тармағы) жалпы ауруға шалдығуына, еңбекте мертігуіне немесе кәсіптік ауруға шалдығуына байланысты мүгедектік тобы өзгерсе, мүгедектіктің бұрынғы себебі сақтала отырып, зейнетақы мүгедектің жаңа тобы бойынша қайта есептеледі.

30-бап. Қайта куәландыру мерзімін өткізіп алған жағдайда зейнетақы төлеуді тоқтата тұру және қайтадан төлеу

Мүгедек дәрігерлік-әлеуметтік сарап комиссиясында қайта куәландыру мен оны қайтадан мүгедек деп тану мерзімін өткізіп алған жағдайда оған зейнетақы мүгедектікте пайда болған үзілістің бір айдан аспайтын уақыты үшін де төленеді, ал дәлелді себеппен (мысалы, аурулығына, тұрақты тұрғылықты жерінде лажсыздан жоқ болуына байланысты) қайта куәландыру мерзімін өткізіп алған жағдайда - мүгедектіктің пайда болған үзілісінің үш жылдан аспайтын уақыты үшін, егер медициналық-әлеуметтік сарап комиссиясы оны осы кезеңде мүгедек деп таныса, оған зейнетақы төленеді. Бұл орайда, егер қайта куәландыру кезінде мүгедекке мүгедектің басқа тобы белгіленген болса (неғұрлым жоғары немесе төмен) көрсетілген уақыт үшін зейнетақы мүгедектіктің бұрынғы тобы бойынша төленеді.

Мүгедектігіне байланысты зейнетақы алатын және сонымен бірге қызмет еткен жылдары үшін зейнетақы алу құқығы бар зейнеткерлерге, мүгедектігінде бір ай мерзімнен асатын үзіліс болған жағдайда осы үзіліс уақыты үшін, егер оның мүгедектікке байланысты зейнетақы алу құқығы жоқ болса, Заңның 58-бабында белгіленген мерзім шегінде оған қызмет еткен жылдары үшін зейнетақы тағайындалып, төленуі мүмкін.

IV Бөлім. Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы

31-бап. Зейнетақы тағайындау шарттары

Әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының отбасыларын асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы егер асыраушысы қызмет атқару кезеңінде немесе қызметтен босатылғаннан кейін әрі дегенде 3 ай өткенде не осы мерзімнен кешірек, бірақ қызметін атқару кезеңінде жаралану, есеңгіреу, мертігу немесе ауруға шалдығу салдарынан қайтыс болса (қаза тапса), ал осы қызметшілердің, басшы және

қатардағы құрам адамдарының қатарынан шыққан зейнеткерлердің отбасыларына - егер асыраушысы зейнетақы алу кезеңінде немесе оған зейнетақы төлеу тоқтатылғаннан кейін әрі дегенде 5 жыл ішінде қайтыс болса (қаза тапса) асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы тағайындалады. Бұл орайда тұтқында болған кезінде қайтыс болған осы әскери қызметшілердің отбасылары және соғыс қимылдары кезінде хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметшілердің отбасылары майданда қаза тапқандардың отбасыларына т е ң е с т і р і л е д і .

32-бап. Зейнетақы алуға құқығы бар отбасы мүшелері

Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының асырауында болған еңбекке жарамсыз отбасы мүшелері асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы а л у ғ а қ ұ қ ы л ы (3 4 - б а п) .

Асыраушысының асырауында болған-болмағанына қарамастан мыналарға зейнетақы тағайындалады: еңбекке жарамсыз балаларға еңбекке жарамсыз ата-ана мен жұбайына, егер олар асыраушысы қайтыс болғаннан кейін күнкөріс қаражатының көзінен айырылса; осы Заңның 24-бабының 1-тармағында келтірілген себептердің салдарынан қайтыс болған аталған әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының еңбекке жарамсыз ата-анасы мен жұбайына (33-баптың екінші бөлігін ескере отырып); осы баптың 3-тармағында көрсетілген жұбайына, ата-ананың біріне немесе басқа отбасы м ү ш е с і н е .

Зейнетақы алу құқығын анықтау кезінде отбасының еңбекке жарамсыз мүшелері деп мыналар есептеледі:

1) 18 жасқа толмаған немесе осы жастан асқан, бірақ 18 жасқа толғанға дейін мүгедек болған балалар, аға-інілер, апа-қарындастар мен немерелер, және күндізгі оқу орындарында оқитындар* (оқушылар міндетті әскери қызметте немесе ішкі істер органдарындағы қызметте тұрады деп есептелетін оқу орындарынан басқа) - осы оқу орындарын бітіргенге дейін, бірақ олар 23 жасқа толғанға дейінгі мерзімнен ұзақ болмауы керек. Бұл орайда аға-інілер, апа-қарындастар және немерелер, егер олардың еңбекке жарамды ата-аналары жоқ болса, зейнетақы алуға құқылы;

. Ескерту. Кәсіптік-техникалық училищелер, арнаулы орта және жоғары оқу о р ы н д а р ы .

2) әке, шеше және жұбай, егер олар: ерлер 60 жасқа, әйелдер 55 жасқа толса,

не мүгедектер болып табылатын болса (33-баптың екінші бөлігін ескере отырып);

3) жұбай немесе ата-ананың бірі не ата, әже, аға-іні немесе апа-қарындас жасына және еңбекке жарамдылығына қарамастан, егер ол қайтыс болған асыраушысының 8 жасқа толмаған балаларын, аға-інілерін, апа-қарындастарын немесе немерелерін күтумен айналысса және жұмыс істемейтін болса (33-баптың бірінші бөлігін ескере отырып);

4) ата мен әже - заң бойынша оларды асырауға міндетті адамдар болмаса.

33-бап. Жеңілдікті шарттармен зейнетақы алу құқығы

Осы Заңның 24-бабының 1-тармағында көрсетілген себептердің салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының 8 жасқа толмаған балаларын күтумен айналысатын әйелдері жасына, еңбекке жарамдылығына және жұмыс істейтініне-істемейтініне қарамастан асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға құқылы.

Соғыс қимылдары жүргізілген шет елдерде әскери және қызмет бабындағы борышын орындау кезінде жаралану, есеңгіреу, мертігу немесе ауыру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының мөлшері мен әйелдеріне асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы олар 50 жасқа болғаннан кейін тағайындалады.

34-бап. Асырауда деп есептелетін отбасы мүшелері

Қайтыс болған адамның отбасы мүшелері, егер олар оның толық асырауында болса немесе одан өздері тұрақты және негізгі күнкөріс қаражатының көзі болған көмек алып тұрған болса, оның асырауында болған деп есептеледі.

Қайтыс болған адамның көмегі өздері үшін тұрақты және негізгі күнкөріс қаражатының көзі болып келген, бірақ өздері әлде бір зейнетақы алып тұрған оның отбасы мүшелері жаңа зейнетақыға көшуге құқылы.

35-бап. Мемлекеттің толық асырауындағы балаларға зейнетақы төлеу

Ата-анасының екеуінен де айырылған балаларға (тұлдыр жетімдерге) олардың мемлекеттің асырауында болған кезеңінде зейнетақы толық мөлшерде төленеді, ал мемлекеттің толық асырауындағы басқа балаларға - тағайындалған

зейнетақының 50 проценті төленеді.

36-бап. Бала ғып алушылар мен бала болғандардың
зейнетақы алу құқығы

Бала ғып алушылар асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға туған ата-аналармен тең дәрежеде, ал бала болғандар - туған балалармен тең дәрежеде құқылы.

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға құқылы кәмелетке толмаған балалар бұл құқықты сондай-ақ оларды асырап алғаннан кейін де сақтайды.

37-бап. Өгей әке мен өгей шешенің, өгей ұл мен өгей
қыздың зейнетақы алу құқығы

Өгей әке мен өгей шеше қайтыс болған өгей ұлды немесе өгей қызды кемінде 5 жыл тәрбиелеген болса немесе асыраса, олар асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға туған әке және шешемен тең дәрежеде құқылы.

Өгей ұл мен қыз асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға туған балалармен тең дәрежеде құқылы.

38-бап. Жаңа некеге тұрғанда зейнетақының сақталуы

Асыраушысынан айырылуына байланысты еңбекке жарамсыз жұбайға тағайындалған зейнетақы (32-баптың 2-тармағы) зейнеткер жаңа некеге тұрған кезде де сақталады.

39-бап. Зейнетақы мөлшері

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы мынадай мөлшерде тағайындалады.

1) осы Заңның 24-бабының 1-тармағында көрсетілген себептердің салдарынан қайтыс болған қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының отбасыларына - асыраушысының ақшалай ризығының тиісті сомасының (47-бап) отбасының әрбір жарамсыз мүшесіне 40 проценті. Қайтыс болған күнге дейін соғыс мүгедектері болып келген қайтыс болған зейнеткерлердің отбасыларына (24-баптың 1-тармағы) және ата-анасының екеуінен де айырылған балаларға (тұлдыр жетімдерге) асыраушысының қайтыс болу себебіне қарамастан зейнетақы осындай мөлшерде тағайындалады;

2) осы Заңның 24-бабының 2-тармағында көрсетілген себептердің салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының отбасыларына - асыраушысының ақшалай ризығының тиісті сомасының (47-бап) отбасының еңбекке жарамсыз әрбір мүшесіне 30 проценті мөлшерінде тағайындалады.

40-бап. Зейнетақының ең аз мөлшері

Әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының отбасыларына асыраушысынан айырылуына байланысты тағайындалатын зейнетақы отбасының еңбекке жарамсыз әрбір мүшесіне шағып есептегенде мынадан төмен бола алмайды:

1) Осы Заңның 39-бабының 1-тармағына сәйкес зейнетақы есептеген кезде: мерзімді қызметтегі солдаттар мен матростардың отбасылары үшін - жасының ұлғаюына байланысты зейнетақының ең аз мөлшерінің 120 проценті, мерзімді қызметтегі сержанттардың, старшиналардың, ефрейторлардың және аға матростардың отбасылары үшін - 130 проценті, мерзімінен тыс қызметтегі офицерлердің, прапорщиктердің, мичмандардың, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының отбасылары үшін - 150 проценті;

2) осы Заңның 39-бабының 2-тармағына сәйкес зейнетақы есептеген кезде - әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының тиісті категорияларының отбасылары үшін - жасының ұлғаюына байланысты зейнетақының ең аз мөлшерінің 100 проценті.

41-бап. Зейнетақыға үстеме

I топтағы мүгедектер болып табылатын немесе 80 жасқа толған отбасы мүшелеріне, сондай-ақ отбасының емдеу мекемелерінің қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайын ескере отырып, біреудің ұдайы күтіміне (көмегіне, қадағалауына) ділгер басқа мүшелеріне асыраушысынан айырылуына байланысты тағайындалған зейнетақыға (оның ішінде ең аз мөлшерде есептелген зейнетақыға) зейнеткерді күткені үшін осы заңның 20-бабының 1-тармағында көзделген мөлшерде үстеме қосылады.

42-бап. Тұлдыр жетімдерге зейнетақы есептеу

Құрамына ата-анасының екеуінен де айырылған балалар (тұлдыр жетімдер) кіретін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің отбасыларына зейнетақы "Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңда

белгіленген нормалар бойынша ата-анасының екеуінің табысының жалпы
с о м а с ы н а н е с е п т е л е д і .

43-бап. Зейнетақы тағайындалатын кезең

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы қайтыс болған адамның отбасының мүшесі еңбекке жарамсыз деп есептелетін кезеңге (32-бап), ал ерлер 60 жасқа толған, әйелдер - 55 жасқа толған отбасы мүшелеріне - өмір
б о й ы н а т а ғ а й ы н д а л а д ы .

44-бап. Зейнетақының үлесін бөлу

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға құқылы отбасының барлық мүшелеріне бір ортақ зейнетақы тағайындалады. Отбасы мүшесінің өтінуімен оның зейнетақысының үлесі бөлінеді және оның бөлінуін сұраған отбасы мүшесі үшін осы Заңда көзделген зейнетақы есептеу нормаларын ескере отырып төленеді (39, 40, 41-баптар).

Зейнетақы үлесі зейнетақыны бөлу туралы өтініш түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап бөлінеді.

45-бап. Зейнетақы мөлшерін өзгерту және оны төлеуді тоқтату

Егер асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы тағайындалған отбасының құрамында өзгеріс болса, соның нәтижесінде отбасының жекелеген мүшесі немесе отбасы зейнетақы алу құқығынан айырылса, өзгеріс болған айдан кейінгі айдың бірінші күннен бастап зейнетақы қайта есептеледі немесе оны төлеу тоқтатылады.

16-бап. Отбасы мүшелерінің мүгедектігін анықтау тәртібі мен мерзімі

Отбасының мүгедек мүшелеріне МӘСК-те куәландырудағы үзіліс кезінде осы Заңның 23, 28, 30-баптарына көзделген мүгедектікті

анықтау тәртібі мен мерзімі және зейнетақы төлеу туралы ережелер қолданылады.

V Бөлім. Зейнетақыны есептеу

47-бап. Зейнетақы есептелетін ақшалай ризық

Осы Заңға сәйкес әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына және олардың отбасына тағайындалатын зейнетақы осы әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының ақшалай ризығының есептеледі. Бұл орайда оларға зейнетақы есептеу үшін лауазымы бойынша тиісті окладтар (оның ішінде сақталған окладтар да), әскери немесе арнаулы атақ бойынша окладтар, қызмет еткен жылдары үшін проценттік үстеме, тұрақты сипаттағы ақшалай ризықтың қосымша түрлері және азық-түлік үлесінің құны есептелінеді.

48-бап. Зейнеткерлердің отбасыларына зейнетақы есептеу

Әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының қатарынан шыққан зейнеткерлердің отбасыларына асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы асыраушысының өзіне зейнетақы есептелген (немесе қайта есептелген), не қайта есептелуге тиіс болған ақшалай ризықтан есептеледі (47-бап).

49-бап. Зейнетақы мөлшеріне аудандық коэффициенттерді қолдану

Жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысына аудандық коэффициенттер белгіленген жерлерде тұратын әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының қатарынан шыққан зейнеткерлерге және олардың отбасы мүшелеріне олардың осы жерлерде тұрған кезеңінде осы Заңға сәйкес тағайындалатын зейнетақы, сондай-ақ осы зейнетақыға үстеме мен қосымша өндірістік емес саладағы жұмысшылар мен қызметшілер үшін осы жерде белгіленген тиісті коэффициентті қолдана отырып есептеледі.

50-бап. Зейнетақыны қайта есептеу

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларына тағайындалатын зейнетақылар жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін заңда белгіленген есепті көрсеткішті өзгерту коэффициентіне сәйкес арттыруға жатады.

Ескерту. 50-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.21.
N 2703 жарлығымен.

U 9 5 2 7 0 3 _

VI Бөлім. Зейнетақыны тағайындау және төлеу

51-бап. Зейнетақыны тағайындау жөніндегі өтініш жасау

Әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасы мүшелері (7-бапта көрсетілгендерден басқалары) зейнетақы тағайындау туралы арыздарды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің зейнетақы органдарына - тиісті әскери комиссариаттарға, Қазақстан Республикасының Ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстық басқармаларына (бөлімдеріне) береді (13-бап).

52-бап. Зейнетақы тағайындау туралы арыздарды қарау

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына және олардың отбасыларына зейнетақы тағайындау жөніндегі арыздарды және онымен бірге келіп түскен құжаттарды зейнетақы органдары арыз келіп түскен күннен бастап 10 күн ішінде қарайды.

53-бап. Зейнетақы тағайындау мерзімі

Зейнетақы осы Заңға сәйкес былай тағайындалады:

1) әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына - қызметтен босатылған күннен бастап, бірақ олар қызметтен босатылғанда ақшалай ризықпен қанағаттандырылған күннен ерте емес, неғұрлым кеш мерзімнен бастап оларға зейнетақы тағайындаудың мынадай реттерін қоспағанда:

қызметтен босатылған күннен бастап 3 ай өткеннен кейін не қызметтен босатылғаннан кейін болған жазатайым оқиға немесе ауыру салдарынан болған мүгедектікті анықтау кезінде (22-бап) - мүгедектік анықталған күннен бастап;

2) әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының және осы әскери қызметшілердің басшы және қатардағы құрамы адамдарының қатарынан шыққан зейнеткерлердің отбасыларын асыраушысы қайтыс болған күннен бастап, оған ақшалай ризық немесе зейнетақы төленген күннен ерте емес, отбасының мүшелеріне неғұрлым кеш мерзімнен бастап зейнетақы тағайындаудың мынадай реттерін қоспағанда:

асыраушысы қайтыс болғаннан кейін зейнетақы алу құқығына ие болған отбасы мүшелеріне зейнетақы алу жасына толуына (32-баптың 2-тармағы) немесе оларға мүгедектіктің анықталуына байланысты - осы жасқа толған немесе мүгедектігі анықталған күннен бастап;

күнкөріс қаражаты көзінен айырылуына байланысты зейнетақы алу құқығына ие болған ата-анаға немесе жұбайға - зейнетақы тағайындау жөнінде өтініш жасалған күннен бастап (54-бап).

Дер кезінде өтініш жасалмағанда өткен уақыт үшін зейнетақы оны алу құқығы пайда болған күннен бастап тағайындалады, бірақ зейнетақы алу жөнінде өтініш жасаған күннің алдындағы 12 айдан аспауға тиіс.

54-бап. Зейнетақы тағайындау жөнінде өтініш жасалған күн

Барлық қажетті құжаттармен бірге зейнетақы тағайындау туралы арыздың тиісті зейнетақы органына берілген күні, ал арыз бен құжаттарды почтамен жібергенде - олардың жөнелтілген күні зейнетақы тағайындау жөнінде өтініш жасалған күн болып есептеледі.

55-бап. Тағайындалған зейнетақыны қайта есептеу мерзімі

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына және олардың отбасыларына тағайындалған зейнетақы мөлшерін өзгертуді қажет ететін мән-жай туған жағдайда бұл зейнетақы аталған мән-жай туған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап қайта есептеледі. Бұл орайда, егер зейнеткер зейнетақыны арттыру құнына ие болса, ол дер кезінде

өтініш жасамағанда өткен уақыт үшін зейнетақыдағы айырма оған тек көп дегенде 12 айға ғана төленуі мүмкін.

Ескерту. 55-баптың 2-ші бөлігі алынып тасталған - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

56-бап. Зейнетақы төлеуші органдар және оны төлеудің жалпы тәртібі

Осы Заңға сәйкес әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының

басшы және қатардағы құрамының адамдарына және олардың отбасыларына тағайындалатын зейнетақыны тіркеліміне қарамастан зейнеткерлердің тұрғылықты жеріндегі Жинақ банкісінің тиісті мекемелері төлейді. Салымға аудару, почтамен аудару және зейнетақыны үйге жеткізіп беру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

57-бап. Табысы немесе басқа кірісі болған жағдайда зейнеткерлерге зейнетақы төлеу

Осы Заңға сәйкес төленетін зейнетақы зейнеткерлердің табысы немесе кірісі болуына қарамастан толық төленеді.

58-бап. Зейнеткер дер кезінде алмаған зейнетақыны төлеу

Әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының және олардың отбасы мүшелерінің қатарынан шыққан зейнеткерлерге есептелген, бірақ ол дер кезінде алмаған зейнетақы сомасы өткен уақыт үшін зейнетақы алу жөнінде өтініш жасалған күннің алдындағы 3 жылдан аспайтын уақытқа төленеді.

Зейнеткерлер зейнетақыны тағайындайтын немесе төлейтін органның кінәсінен дер кезінде алмаған зейнетақы сомасы өткен уақыт үшін қандай да болсын мерзімді шектеместен төленеді.

59-бап. Интернат-үйлерде тұратын зейнеткерлерге зейнетақы төлеу

Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерге, пансионаттарда тұратын әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының және олардың отбасы мүшелерінің қатарынан шыққан зейнеткерлерге олардың зейнетақысының сомасы мен интернат-үйде (пансионатта) асырауда болуының құны арасындағы айырма төленеді, бірақ ол тағайындалған зейнетақының 30 процентінен кем болмауы керек.

Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйде (пансионатта) тұратын зейнеткерлердің асырауында тұрған және асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақымен қамсыздандырылатын адамдар тобына жататын еңбекке жарамсыз отбасы мүшелері болған жағдайда (32, 34, 36, және 37-баптар), оған тағайындалған зейнетақы мынадай тәртіппен төленеді:

зейнетақының 30 проценті зейнеткердің өзіне төленеді, бірақ ол жасының ұлғаюына байланысты ең аз зейнетақының 30 процентінен кем болмауы керек, ал зейнетақының қалған бөлігі отбасының аталған мүшелеріне төленеді, бірақ ол тағайындалған мөлшердің 50 процентінен көп болмауы керек.

60-бап. Стационарда емделуде болған кезеңде зейнетақы
т ө л е у

Әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының және олардың отбасы мүшелерінің қатарынан шыққан зейнеткерлердің стационарда (ауруханада, емханада, госпитальда және басқа емдеу мекемелерінде), сондай-ақ алапесханаларда емделуде болған уақытында оларға тағайындалған зейнетақы толық төленеді.

61-бап. Бас бостандығынан айырылған уақытқа зейнетақы
т ө л е у

Зейнеткер бас бостандығынан айырылған жағдайда оған тағайындалған зейнетақы бас бостандығынан айырылу уақытына тағайындалған зейнетақының айына 10 проценті мөлшерінде, бірақ жасының ұлғаюына байланысты ең аз зейнетақының 20 процентінен кем емес мөлшерде төленеді.

62 - б а п . З е й н е т а қ ы д а н ұ с т а у

Осы Заңға сәйкес төленетін зейнетақыдан сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулылары мен үкімдері (мүлікті алу шаралары жөнінен), нотариат кеңселерінің

атқару жазбалары және заңдарға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіппен орындалатын басқа да шешімдер мен қаулылар негізінде ұсталады. Осымен бірге зейнеткер тарапынан алдаушылық салдарынан зейнеткерге артық төленген зейнетақы немесе жәрдемақы оған төленетін зейнетақыдан тиісті зейнетақы органның шешімі негізінде (51-бап), ай сайын төленуге тиіс зейнетақының 20 процентінен аспайтын мөлшерде ұсталады (басқа себептермен ұсталатын ақшадан тыс). Бұл орайда зейнетақыдан өндіріп алу жөнінде өтініш жасаған барлық жағдайда зейнеткерге тиесілі зейнетақының кемінде 50 проценті зейнеткерде қалады.

Артық төленген зейнетақы немесе жәрдемақы сомасы бойынша берешек толық өтелгенге дейін зейнетақы төлеу тоқталған жағдайда қалған берешек сот тәртібімен өндіріп алынады.

63-бап. Зейнеткер қайтыс болған жағдайда зейнетақы төлеу

Әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының және олардың отбасы мүшелерінің қатарынан шыққан зейнеткерге тиесілі және оның қайтыс болуына байланысты толық алынбай қалған зейнетақы сомасы қайтыс болған зейнеткерді отбасы мүшелеріне немесе туысқандарына бұл сома мұра құрамына енгізілмей төленеді. Аталған сома, егер оны алу жөніндегі өтініш зейнеткер қайтыс болғаннан кейін 6 айдан кешіктірмей жасалған болса төленеді. Басқа реттерде зейнеткер қайтыс болуына байланысты толық алмаған зейнетақы сомасы оның мұрагерлеріне азаматтық заңдарда белгіленген жалпы негіздерде төленеді. Отбасының бірнеше мүшесі өтініш жасаған жағдайда оған тиесілі зейнетақы оларға тең бөлінеді.

64-бап. Шетелге кеткенде зейнетақы тағайындау және төлеу

Шетелге тұрақты тұруға кеткен әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына және олардың отбасы мүшелеріне осы Заңда көзделген зейнетақы Қазақстан Республикасының территориясында тағайындалмайды, ал оған шетелге кеткенге дейін тағайындалған зейнетақыны төлеу тоқтатылады (осы баптың екінші бөлігін ескере отырып). Оларды шетелде тұрған кезеңде зейнетақымен қамтамасыз ету мәселесі олар аумағына барған елдің заңдарына сәйкес, ал егер Қазақстан Республикасы немесе бұрынғы КСР Одағы мен аталған елдер арасында әлеуметтік қамсыздандыру туралы келісім (шарт) жасалған болса - онда осы келісімдерге (шарттарға) сәйкес шешіледі.

Әскер қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы

құрамының адамдары қатарынан шыққан зейнеткерлер және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасымен немесе бұрынғы КСР Одағымен әлеуметтік қамсыздандыру туралы келісім (шарт) жасаспаған және олардың заңдарында тұрғылықты орнын осындай өзгеруге байланысты зейнетақы тағайындау (төлемді жаңғырту) заңда көзделмеген шетелдерге тұрақты тұруға кететін болса, оларға Қазақстан аумағында тағайындалған зейнетақы шетелге кетердің алдында 6 ай үшін алға төленеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК